БОЛАШАҚ
Корпоративтік қоры

каждый ребенок достоин школы

# Ерекше қажеттіліктері бар баланың ата-аналарының бағдары

## Емхана

**Участкелік терапевт немесе Невропатолог**

**ОО Оңалту орталықтары**

**Балалар психиатры**
(Психикалық денсаулық орталықтары, жеке кабинеттер)
(диагноз қою үшін)

**ЕБбҚБ бар балалармен жұмыс істеу бойынша мамандандырылған жеке орталықтар**
ПМПК-ның немесе МӘС-тің қорытындысыз

**ПМПК**
**Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес**
(білім беру бағдарын анықтау үшін)

## ПМПК

**Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес**

ПМПК осы мекемелерге бағыттама береді:

Кеңес алу және білім беру бағдарламасының түрін және мектепте ассистент-педагог сүйемелдеуінің қажеттілігін анықтау үшін. 18 жасқа дейін жүгінуге болады

Тұрғылықты орны бойынша, өз бетінше жүгіну

**Балабақша**
Түзету тобы

**ППТК**
**Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті**
Жеке немесе топпен сабақтар

**Жалпы білім беру мектебі**
Ассистент-педагог сүйемелдеуінің қажеттілігі туралы қорытынды береді

**ОО**
**Оңалту орталықтары**
Жеке немесе топпен сабақтар

**МӘМ**
**Медициналық-әлеуметтік мекемелер**
Күндізгі стационар немесе жартылай стационар
*бағыттама мүгедектік болғанда беріледі

**Түзету балабақшасы**
Түзету тобы

**Түзету мектебі**
Сыныпта немесе үйде

Мүгедектік кезеңі диагнозға байланысты 6 айдан 5 жылға дейін белгіленеді. Қажет болса, мерзімі өткен соң оны ұзартуға болады.

**Психикалық денсаулық орталығы**

## Балаға мүгедектікті ресімдеу:

**1**
Медициналық мекемеде Дәрігерлік-кеңес комиссиясынан (ДКК) өту. МӘС-ке бағыттама алу.

**2**
Медициналық-әлеуметтік сараптамадан (МӘС) өту. МӘС қорытындылары бойынша мүгедектікті белгілеу

**3**
- балаға
- мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған ата
- анаға/қамқоршыға
мүгедектік бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны ресімдеу

## Мүгедектік болғанда келесі қызметтерді ала аласыз:

- балаға және ата-анаға/қамқоршыға мүгедектік бойынша ай сайынғы мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар (егер ата-анаға/қамқоршыға жәрдемақы ресімделген болса);
- қажеттілік бойынша мұқтаждықтарды: дәрі-дәрмек, арбалар, т.б. (участкелік терапевтке жүгіну қажет);
- шипажайлық-курорттық емдеуге жолдама бөлу (участкелік терапевтке жүгіну қажет);
- «Инватакси» мүмкіндігі шектеулі балаларды тасымалдау қызметін пайдалану (ДКК қорытындысы негізінде);
- әртүрлі қызметтерді алуға (оның ішінде босуақ, ойын-сауық, білім беру, т.б. салаларда) шегерім мен жеңілдіктер;
- әлеуметтік қызметкер қызметтерін пайдалану (ҚР Электрондық үкіметі сайты арқылы ресімделеді);
- белгіленген талдаулар тізімін ақысыз тапсыру (участкелік терапевтке жүгіну қажет);
- ақысыз медициналық қызметтер (участкелік терапевтке жүгіну қажет);
- техникалық құралдар мен оңалту қызметтерінің құнын өтеу (www.aleumet.egov.kz Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы).